THE UNIVERSITY OF KANSAS
College of Liberal Arts & Sciences

Department of Geography

15 December 2025
Al-Farabi Kazakh National University
71, Al-Farabi av., Almaty, 050040
Kazakhstan

International Advisor Review for the Dissertation Submitted for the Degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the Educational Program "8D30014 – Political Science"
Doctoral Candidate: Alisherova Aigerim Bakhytzhankyzy
Dissertation Title: "Features of the Transformation of Student Youth's Political Culture during Political Reforms (A Case Study of Almaty)"

Overall Assessment of the Dissertation:

In conjunction with economic and environmental reforms, political transformation in Kazakhstan has the potential to set a new trajectory for the state, its people, and the region of Central Asia. Elemental to each of these transformative efforts is the recalibration of political culture amongst the large and increasingly influential demographic of Kazakhstani student youth. Aigerim Alisherova's research explores the evolving dynamics of political attitudes amongst student youth in Almaty. My reading of this work suggests that the study is well designed and executed, leading me to support the candidate's advancing to the dissertation defense.

Investigating the values, orientations, attitudes, and behavioral patterns of student youth in Almaty is significant to the future the state. Any notion of starting a new political culture, open to diverse opinions, requires increasing civic engagement amongst Kazakhstan's large student youth cohort. This dissertation contributes to scholarly discourse relating to the transformation of political culture in what many regard as decolonizing states around the world.

I find the hypothesis that political transformation in Kazakhstan relates to heightened political awareness, increased civic engagement, and a shift in political participation methods - from traditional formats to digital activism - to be fruitful and effectively tested through the dissertation's methods and analysis of data.

The dissertation offers well evidenced answers to its research questions that should advance understanding of this complex topic. While initially concerned with approaching the transformation and characteristics of political culture among student youth adapting to political reforms in Kazakhstan through a case concentrating on Almaty, I was convinced that the former capital constitutes a hub of political activity and a broad demographic sample in terms of ethnicity, class, education level, and ideology.

Lindley Hall | 1475 Jayhawk Blvd., Room 213 | Lawrence, KS 66045 | (785) 864-3143 | Fax (785) 864-5378 | www.geog.ku.edu

In terms of the dissertation's specific contributions, I regard the analysis of the theoretical and conceptual foundations of the concept of "political culture" to be well undertaken. Moreover, Aigerim Alisherova's efforts to identify socio-cultural and value-based characteristics of student youth political culture are insightful. I am particularly intrigued by Aigerim's investigation of the influence of social media on both traditional and non-traditional forms of student youth political participation. The role of external influencers (state and non-state) could be more substantively developed, especially given the recommendations for enhancing student youth political culture offered in the conclusion.

The combination of quantitative and qualitative methods are effective and Aigerim Alisherova's analysis of primary and secondary data sources afforded highly textured findings that combine with her insights into institutional changes and political reforms in Kazakhstan that include the reduction of the party registration threshold from 7% to 5%, and the introduction of a 30% quota for youth, women, and persons with disabilities on party lists and in the allocation of parliamentary mandates. As noted above, I found the findings relating to the role and influence of social media in shaping the political culture of student youth in Kazakhstan to be of particular import.

This dissertation and the various publications that have resulted from Aigerim's research project are valuable for political scientists, policymakers, civil society organizations, and others seeking to enhance student youth engagement in political processes. Eight publications is an impressive result for the project. I am confident that Aigerim is at the start of a promising career and has developed skills that will serve her in further developing this and launching additional research projects.

I therefore endorse Aigerim Alisherova's advance to the defense stage of her doctoral process. Should the committee have any questions for me, I may be contacted via email at diener@ku.edu.

Alexander C. Diener
Managing Editor of Oxford Intersections: Borders
Director of Undergraduate Studies
Professor of Geography
University of Kansas

(785)864-3040

Diener@KU.edu



Ағылшын тілінен аударма

КАНЗАС УНИВЕРСИТЕТІ
Либералды өнер және ғылымдар колледжі

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ

15 желтоқсан 2025 жыл
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
71, Әл-Фараби даңғылы, Алматы, 050040
Қазақстан

"8D30014 – Саясаттану" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияға халықаралық ғылыми кеңесшінің пікірі
Докторант: Әлішерова Айгерім Бақытжанқызы
Диссертация тақырыбы: «Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында)»

Диссертацияға жалпы баға:

Экономикалық және экологиялық реформалармен қатар жүзеге асып жатқан саяси трансформация Қазақстан үшін, оның халқы мен Орталық Азия өңірі үшін жаңа даму бағытын айқындау әлеуетіне ие. Бұл өзгерістердің әрқайсысының өзегінде – Қазақстанның студенттік жастарының, яғни саны жағынан да, ықпал ету деңгейі жағынан да өсіп келе жатқан әлеуметтік топтың, саяси мәдениетін қайта қалыптастыру қажеттілігі жатыр. Айгерім Әлішерованың зерттеу жұмысы Алматы қаласындағы студенттік жастардың саяси ұстанымдарының өзгеру динамикасын зерттеуге арналған. Бұл еңбекті оқи отырып, зерттеудің жан-жақты жоспарланып, сапалы жүзеге асырылғанына көз жеткіздім. Сондықтан диссертанттың қорғау кезеңіне өтуін қолдаймын.

Қазақстанның студенттік жастарының құндылықтары, бағдарлары, ұстанымдары мен мінез-құлық үлгілерін зерттеу – мемлекеттің болашағы үшін айрықша маңызды. Жаңа, пікір алуандығына ашық саяси мәдениетті қалыптастыру үшін азаматтық белсенділікті арттыру – студенттік жастар арасында аса өзекті мәселе. Бұл диссертациялық жұмыс қазіргі таңда әлемдегі деколониялану кезеңін бастан өткеріп жатқан елдердегі саяси мәдениеттің трансформациясы жөніндегі ғылыми дискурсқа өз үлесін қосады.

Қазақстандағы саяси трансформацияның саяси сана деңгейінің артуына, азаматтық белсенділіктің күшеюіне және саяси қатысудың дәстүрлі форматтарынан цифрлық белсенділікке ауысуына ықпал ететінін негіздеген гипотеза осы зерттеуде тиімді қолданылған әдістер мен мәліметтерді талдау арқылы сәтті дәлелденген деп есептеймін.

Диссертацияда қойылған ғылыми сұрақтарға нақты әрі дәйекті жауаптар берілген. Бастапқыда зерттеу Қазақстандағы студенттік жастардың саяси реформалар жағдайындағы саяси мәдениетінің өзгеруін Алматы мысалында қарастыруды мақсат еткен болса, жұмысты оқи отырып, Алматы қаласының этникалық, әлеуметтік, білімдік және идеологиялық тұрғыда әртүрлі студенттік жастардың басын қосқан, саяси белсенділіктің айрықша шоғырланған орталығы

екеніне көзім жетті.

Диссертациялық жұмыстың нақты ғылыми үлестеріне келсек, «саяси мәдениет» ұғымының теориялық және тұжырымдамалық негіздерін жан-жақты саралау сәтті жүзеге асырылған. Сонымен қатар, Айгерім Әлішерованың студенттік жастардың саяси мәдениетін сипаттайтын әлеуметтік-мәдени және құндылықтық ерекшеліктерін анықтау әрекеттері ғылыми тұрғыда мазмұнды. Әсіресе, әлеуметтік желілердің дәстүрлі және дәстүрлі емес саяси қатысу формаларына әсерін талдауы назар аударуға тұрарлық. Бұл ретте, диссертацияның қорытынды бөлімінде ұсынылған студенттік жастардың саяси мәдениетін жетілдіру бойынша ұсыныстарды ескере отырып, сыртқы ықпал етуші күштердің (мемлекеттік және мемлекеттік емес) рөлін тереңірек ашып көрсету орынды болар еді.

Сандық және сапалық әдістердің ұтымды үйлесімі, сонымен қатар Айгерім Әлішерованың бастапқы және қосымша дереккөздермен жұмысы зерттеу нәтижелерінің мазмұнды болуын қамтамасыз еткен. Зерттеу барысында Қазақстандағы институционалдық өзгерістер мен саяси реформалар, соның ішінде саяси партияларды тіркеу шегінің 7%-дан 5%-ға төмендеуі, сондай-ақ партиялық тізімдер мен парламенттік мандаттарды бөлуде студенттерге, әйелдерге және мүгедектігі бар адамдарға 30% квота енгізілуі секілді факторлар жан-жақты талданған. Жоғарыда атап өткенімдей, Қазақстанның студенттік жастарының саяси мәдениетін қалыптастыруда әлеуметтік желілердің рөлі мен ықпалы – ерекше маңызға ие деп санаймын.

Бұл диссертациялық жұмыс және Айгерімнің жарық көрген ғылыми мақалалары саяси ғылым өкілдері, мемлекеттік саясатты әзірлеушілер, азаматтық қоғам ұйымдары мен студенттік жастардың саяси процеске қатысуын арттыруға мүдделі тараптар үшін құнды ресурс бола алады. Сегіз ғылыми жарияланым – бұл жобаның өте жақсы нәтижесі. Мен Айгерімнің болашағынан зор үміт күттіретін зерттеуші екенін және бұл тақырыпты әрі қарай тереңдетіп, жаңа ғылыми жобаларға бастама бола алатын қабілеттерді қалыптастырғанын сеніммен айта аламын.

Осылайша, мен Айгерім Әлішерованың докторлық диссертациясын қорғау кезеңіне өтуін толық қолдаймын. Егер диссертациялық кеңесте маған сұрақтар туындаса, diener@ku.edu электрондық поштасы арқылы байланысуға болады.

/қол қойылған/

Александр Динер
Oxford Intersections: Borders журналының басқарушы редакторы
Бакалавриат бағдарламасының директоры
География профессоры
Канзас университеті

(785) 864-3040
Diener@KU.edu

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ